

ХАТТАМА №49

г. Атырау

09.12.2025ж

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі жиналыс

Өткізілген орны: ШЖҚ КМК “Атырау қалалық емханасы №6”
Комплаенс офицері: Туралиева Б.А.

Сыбайлас жемқорлық - бұл мемлекет қауіпсіздігіне жүйелі қауіп, мемлекет пен қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіретін фактор.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлық — жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген.

Пара

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде парамен байланысты қылмыстардың екі түрі қарастырылған:

- пара алу (366-бап);
- пара беру (367-бап).

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 366 және 367-баптарында көзделген әрекеттер сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен байланысты.

Пара алу - ең қауіпті заңсыздықтың бірі, әсіресе егер оны адамдар тобы жасаса немесе қорқытып алумен қатар жүрсе.

Пара беру - бұл лауазымды тұлғаны заңды немесе заңсыз әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауға немесе берушінің пайдасына қандай-да бір артықшылықтар беруге немесе алуға, оның ішінде жалпы қамқорлығы

Пара тек қана ақша емес екенін түсіну керек. Оған бағалы қағаздар, басқа мүлік, мүліктік құқық немесе мүліктік пайда, қызмет көрсету (мейрамханалардағы банкеттерге ақы төлеу, туристік сапарлар, көлік құралдарын ұсыну және т.б.) пара берушінің пайдасына әрекет немесе әрекетсіздік үшін ұсынылуы мүмкін.

Парақорлық - ең қауіпті сыбайлас жемқорлық, қызметтік қылмыс. Бұл мемлекеттік аппараттың беделіне нұқсан келтіреді, шенеуніктерге пара беру арқылы қалаған нәтижеге жету мүмкіндігі туралы идеяны тудырады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді. Ұйым қызметінде пайда болуы мүмкін тәуекелдерге тоқталып, бақылауды күшейту, ашықтықты арттыру және ішкі тәртіпті сақтау қажеттілігін атап өтті.

Қызметкерлер арасында этикалық нормалардың, қызметтік әдеп кодексінің, сыйлық алуға тыйым салудың, мүдделер қақтығысын болдырмау талаптарының түсіндірілуі жөнінде баяндама жасады.

Комплаенс офицері



Туралиева Б.А.